

К. МАХКАМЖАНОВ, Ф.ХУЖАЕВ

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ

*Өзбекстан Республикасы Халыққа
білім беру министрлігі жалпы орта
білім беретін мектептердің
2-сыныбына оқу қолданбасы
ретінде ұсынған*

Бесінші басылуды



**ТАШКЕНТ
«О'ЗВЕКИСТОН»
2018**

УЎК 796(075)
КБК 74.200.55я72
М 31

Пікір жазғандар: **Р. Мавлонова** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
С. Омарғалиев – Өзбекстан Республикасына еңбегі сіңген халықта білім беру қызметкері.
И. Рузиева – Республикалық Білім орталығы Қолданбалы пәндер бөлімінің дене тәрбиесі пәні бойынша әдіскері.

Шартты белгілер:

Б.қ.: – Бастапқы қалып
Н.т.т. – Негізгі тік тұру
Т.т. – Тік тұру

M31 **Махкамжонов К., Хужаев Ф.** Дене тәрбиесі. 2: жалпы орта білім беретін мектептердің 2-сыныбына арналған оқу қолданбасы. – Т.: O'zbekiston, 2018. – 136 б.

ISBN 978-9943-01-199-1

УЎК 796(075)
КБК 74.200.55я72

**Республикалық мақсатты кітап қорының
қаржылары есебінен басылды.**

ISBN 978-9943-01-199-1

© К. Махкамжанов және басқ., 2014–2018
© «O'ZBEKISTON» БПШУ, 2014–2018



Құрметті оқушылар!

Сендер 1-сыныпта дene шынықтырудың қалай келіп шыққаны, оның өмірдегі орны туралы мәліметтерге ие болдындар және әрбір адам өз денесін жетілдіру үшін дene шынықтырумен шұғылдануы керек екенін түсіндіндер.

Дене шынықтыру арқылы дene қимылдарын орындау әдістерін үйреніп, дербес жаттығу жасай алатын болдындар.

Оқу жылы барысында сендер «Дене шынықтырудың денсаулықты нығайтудағы маңызы», «Оқушылардың күн тәртібі» бойынша білімге ие боласындар. Бастапқы қалыпты және түрлі қимыл-қозғалыстарды үйренесіндер. Бұдан тыс сабак барысында үйренілетін әрекеттердің негізін қа-



лыптастырасындар. Содан соң сабақтан тыс өткізілетін машиқтармен танысасындар.

Дене тәрбиесі сабағына ерекшеле көніл бөліп, онымен достасып алған мақұл. Себебі, дене тәрбиесі сабақтарында сендер өмірде керек болатын білім мен түрлі қимыл-қозғалыстарды, дағдыларды, біліктілікті игеріп аласындар. Қосымша жаттығулармен және спортпен шұғылдану арқылы дене шынықтыру бойынша дайындықтарынды жетілдіресіндер.


Құрметті оқушылар! Әрқашан сау-саламат, күшті, ақылды, әдепті болуға тырысындар!



ТЕОРИЯЛЫҚ БІЛІМ НЕГІЗДЕРІ

Таза ауада дене шынықтыру жаттығуларымен айналысу

Ашық аспан астында алуан түрлі жаттығулар, туристік серуендер ұйымдастырылады. Олардың маңызы орасан зор. Сондықтан да туристік жорықтарға дайындықты бақша жасынан бастау керек. Серуен барысында балалар табиғатпен, ондағы өмірмен, бау-бақшалармен және сол айналадағы өсімдіктердің, ағаш-бұталардың аттарымен, сонымен қатар кейбір жануарлар дүниесімен танысады. Балалардың бойында тәртіптілік, сапта жүру, ара қашықтықты сақтап жүру және басқа қасиеттер қалыптаса бастайды. Серуен кезінде балалар кеппешөп (гербариј) жинайды, гүлдер мен ағаш көшеттерін отырғызады, оларға су құяды, мектептің айналасын тазалайды. Сондай-ақ балалардың серуен барысындағы қызметі алуан түрлі қимыл-қозғалыстармен (жүру, жүгіру, секіру, лақтыру және т.б.),

*a**ә**б**1-сурет.**в*

жарыстармен және ойындармен байытылуы мүмкін.

Бастауыш сыныптарда табиғат қойнауына жасалатын сейіл-серуендер анағұрлым жетілдіріліп, ара қашықтықтар жайлап ұзартылады. Осының нәтижесінде балалардың бойында туризмнің қарапайым бі-



лімдері мен дағдылары: тайыз сұлардан жалаңаяқ кешіп өту (бақ ішінде бұны жер бетінде белгілі бір ұзындық бойынша белгілеуге болады), жолдорбаға заттарды дұрыс орналастыру (бұны балалардың өздері атқаруы мүмкін), жолдорбаны арқалап дәңбектер үстімен және ойлы-қырлы жерлермен жүруді үйрену, түрлі пішіндегі алаулар жағу, ошақ қалау және тамақ пісіру (мұғалімнің көмегімен), шатыр тігу (шатырды өздері дайындауды), футбол, теннис секілді спорт ойындарын ойнау дағдылары қалыптасады (1-сурет, а, ә, б, в).

Сұрақтар

1. Ашық аспан астындағы серуен барысында қандай ойындар ойнауға болады?
2. Саған қандай ойындар ұнайды?
3. Туристік жорыққа шығу үшін қандай дайындық жасау керек?
4. Оқушы туристік жорық барысында нелермен танысады?
5. Оқушы туристік серуен барысында нелерді үйренеді?
6. Туристік серуеннің қандай түрлерін білесің?



Тапсырмалар

1. Серуен барысында қандай дағдylар қалыптасады?
2. Туристік серуенге дайындалуға қажетті мәліметтерді жазып бер.

СПОРТТЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНІНДЕ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТ



Қымбатты оқушы! Сен дене тәрбесі сабактарында өтілетін кейбір спорт түрлерінің элементтерін үйрендің және спорттың түрлерімен таныстың.

Енді сен өзіңе ұнаған спорт түрімен шұғылдана аласың.



Ертедегі ата-бабаларымыз дене қимыл-қозғалыстары барысында, әсіреле аң аулауды игеру кезінен бастап-ақ машиқ-жаттығуларды кім жақсы орындайды, аң аулау кезінде кім жылдам, кім епті екенін анықтау мәселесіне елеулі көніл бөлген. Жай сөзбен айтқанда, осы мәселелер бойынша сайыстар өткізілген.

Әмір Темір бабамыз заманында жауынгерлерді жан-жақты мықты, күшті, ширақ та төзімді, ержүрек етіп тәрбиелеу бойынша және олардың жауынгерлік шеберліктерін сынап көру мақсатымен жарыстар ұйымдастырылған. Жарыстар күрес, ат бәйгесі, суда жүзу, жартастарға өрмелеп шығу, өткел бермес өзендерден арқан арқылы өту, қылыштасу, тас көтеру сияқты жауынгерлік спорт түрлері бойынша өткізілген. Бұндай жарыстардың тұрақты өткізіліп тұруы жауынгерлерді шынықтырып, кез келген қындыққа төзімді, мықты болуын қамтамасыз еткен.



Әмір Темір әскерлері тек жалпы дене шынықтырумен ғана емес, «1000 әскер» ойындарымен, яғни каратәге үқсас спорт түрімен де тұрақты шұғылданып, жарыстар өткізіп тұрған.


Уақыт жылжып өткен сайын спорт түрлерінің саны да көбейе түсті. Бұгінгі таңда Республика біріншілігі жарыстарымен қатар Азия, Әлем чемпионаттары, Олимпиада ойындары өткізіліп, ең үздік спортшылар анықталып келеді.

Жалпы орта білімнің мемлекеттік Бағдарламасында мектептерде өтілетін спорт элементтері негізінде төмендегідей спорт түрлері көрсетілген.

Жеңіл атлетика

Спорттың негізгі түрлерінің бірі болып саналатын жеңіл атлетикаға төмендегілер енеді (2-сурет):

- төмөн стартта тұру;
- қашықтыққа жүгіру;
- сөреге жетіп келу;



2-сурʼет.



д

2-сурет.

- в) жүгіріп келіп биіктікке секіру;
- г) теннис добын лақтыру;
- ғ) жүгіріп келіп ұзындыққа секіру;
- д) эстафеталық жүгіру.

Еліміздің жеңіл атлетика бойынша әйгілі спортшылары:

1. Светлана Радзивиль – халықаралық спорт шебері, 100 метрге жүгіруден халықаралық жарыстарға қатысушы.

2. Анвар Кушмурадов – халықаралық спорт шебері, 100 метрге жүгіруден халықаралық жарыстарға қатысушы.



Сұрақтар

1. Женіл атлетиканың қандай түрлерін білесің?
2. Саған женіл атлетиканың қандай түрлері үнайды?
3. Мектептердегі дене тәрбиесі сабактарында спорттың женіл атлетика түрлерінің қайсысы өтіледі?
4. Сен өз мектебінде женіл атлетика бойынша қандай нәтижелерге қол жеткіздің?

Тапсырмалар

1. 30 м қашықтыққа жылдам жүгіру бойынша өз қабілетінді сынап көр.
2. Шағын допты алысқа лақтыру бойынша өз нәтиженді анықта.
3. Женіл атлетика түрлерінің аттарын жаз.

Спорттық гимнастика

Гимнастика спорттық гимнастиканы, көркем гимнастиканы және акробатиканы қамтиды.

Спорттық гимнастика бойынша еліміздің әйгілі спортшылары:



1. Сергей Диамидов – еңбек сінірген спорт шебері, әлем чемпионы.
2. Оксана Чусовитина – еңбек сінірген спорт шебері, 7 рет Олимпиада қатысушы, әлем чемпионы.
3. Марат Каримов – спорт шебері.
4. Антон Фокин – халықаралық спорт шебері, Олимпиада және әлем чемпионаттарына қатысушы.
5. Оловуддин Отахонов – халықаралық спорт шебері, халықаралық жарыстардың жеңімпазы.



3-сурет.



4-сурет.



5-сурет.



6-сурет.

Спорт бөренесінде жаттығулар орындау (3-сурет). Гимнастикалық сақинамен жаттығулар орындау (4-сурет).

Гимнастикалық ат үстінде жаттығулар орындау (5-сурет). Турникте жаттығулар орындау (6-сурет).

Сұрақтар

1. Спорттық гимнастиканың қандай түрлерін білесің?
2. Дене тәрбиесі сабактарында гимнастика бойынша қандай спорт бұйымдары пайдаланылады?
3. Спорттық гимнастика бойынша тағы қандай атақты спортшыларды білесің?



Футбол

Футбол туралы өте көп естіген сіңдер. Әлемнің барлық мемлекеттерінде балалар да, үлкендер де рақаттанып футбол ойнайды. Адамзаттың жұмыр заттарды домалату, лақтыру және секірту мүмкін өкендігін түсініп алғанына көп болды.

Ағылшындар өздерін футболдың негізін салушылармыз деп есептеулері мүмкін, себебі алғаш рет сол елде бұл ойын футбол деп аталған. 1863 жылы Кембридж колледжінде футбол үйымы құрылып, футбол домалақ допты пайдаланып аяқпен ойналатын ойын деп жарияланды. Сондықтан футболдың отаны Англия болып саналады. Алғашқы футбол ережесі 1863 жылы желтоқсан айында басылып шықты.

Футбол сөзі ағылшын тілінде «фут» – аяқ, «бол» – доп, яғни «аяқпен доп тебу» мағынасын береді (7-сурет).



7-сурет.

Футбол добының салмағы 400–450 г.

Футбол добының шеңбері 65–68 см.

Өзбекстанда бірінші футбол командасы 1912 жылы Қоқан қаласында құрылды. Тәуелсіздікке қол жеткеннен бері балалар ортасында футбол ойынын дамытуға аса зор көніл бөлініп келеді.

Өзбекстанның «Пахтакор» командасы бірінші болып өлемге танытты. Командада Геннадий Красницкий, Хамид Рахматуллаев, Биродар Абдураимов, Төлеген Исхақов, Владимир Федоров, Миржалол Қосимов сияқты шебер спортшылар ойнаған.

2 – Дене тәрбиесі, 2-сынып



Сұрақтар

1. Әрбір футбол командасында неше адам ойнайды?
2. Атақты өзбек футболшыларынан кімдердің аттарын білесіндер?
3. Футбол ойыны қанша уақытқа созылады?

Тапсырмалар

1. 7-суреттегі футбол ойыны туралы әңгімелे.
2. Футбол добын теуіп, нысанаға дәл тигізуді үйрен.

Баскетбол

Баскетболды 1891 жылы АҚШтың Массачусетс штатындағы Спрингфилд колледжінің дене тәрбиесі оқытушысы Джеймс Нейсмит ойлап тапқан. Бұл ойынды дүниеге келтіру үшін Нейсмит ұзак уақыттардан бері доппен өткізіле-тін қарапайым ойындар туралы тарихи деректерді пайдаланған деген әңгімелер бар.



Доп себетке түсірілетіндігі үшін бұл ойын баскетбол («баскет» – себет, «бол» – доп) деп атала бастады.

Баскетболда да, барлық ойындардағы сияқты, ойыншының оны оның өзіне сай қабілетімен анықталады. Нысананы дәл көздеп, көп ұпайлар әкелетін ойыншылар шабуылшы ретінде пайдаланылады. Олар қарсыластарының тор шеңберіне қарай шабуылдар ұйымдастырады (8-сурет).

Ортадағы ойыншы ережеге сай өте ұзын, биік бойлы болуға тиіс. Ол допты ә дегеннен-ақ серіктеріне ұзатуды білуі керек. Оның бойының биіктігі командаластарына жәрдем береді. Ол доп торлы шеңберге анық түспей немесе қалқанға тиіп қайтқанда, оны көз қылғымен байқап, назарында ұстауы қажет.

Қорғаушылар қарсыластары шабуылшыларының ұпай жинауына барынша кедергі жасауға



8-сурет.



міндепті. Сондай-ақ олар өте ши-рақ, епті болып, командастының шабуылына да үлгіріп, қатысуы керек.

Барлық топтардағы ерлер жа-рыстарында баскетбол добының шеңбер өлшемі 74,9–78 см, сал-мағы 567–650 г, ал әйелдер үшін доп шеңберінің өлшемі 72,4–73,7 см, салмағы 510–567 г-ға тең бо-луы керек.

Әзбекстан спортшыларының арасында алғаш рет Олимпиада ойындарының чемпионы болған-дар:

Ерлер арасында – Әлжан Жармұхамедов.

Әйелдер арасында – Татьяна Тарникиди.

Ең атақты спортшымыз Равиля Салимова үш рет әлем чемпионы және алты рет Еуропа чемпионы атағын алған.

Сұрақтар

1. Баскетбол сөзі қандай мағынаны білдіреді?



2. Баскетбол добының құрылышы қандай?

3. Осы спорт түрі бойынша тағы қандай атақты спортшыларды білесің?

Тапсырма

Баскетбол добын алға қарай және кедергілер арасынан бір қолмен секірте соғып жүруді үйрен.

Жұзу

Негізінде су – өмір. Ол өсімдіктер және жануарлар дүниесі үшін, адамзат үшін негізгі қажеттіліктердің бірі. Су – ағзаны шынықтыратын ең пайдалы құрал. Себебі ол дене, аяқ, иық бұлшық еттерінің бірқалыпты дамуына жәрдем береді. Өсіреле жұзу кезінде өкпе өте жақсы жетіледі, тыныс алуға қатысатын бұлшық еттер нығаяды, тыныс алу және тыныс шығару тереңдейді. Соның нәтижесінде адам өкпесінің жанжақты кеңеюіне жағдай жасалады (9-сурет).




9-сурет.


Сонымен қатар су өзінің қысым күші арқылы қан айналымын, әсіресе көктамырдағы қан айналымын жақсартады. Тұрлі ауа райында, жоғары-төмен температура лар кезінде суға шомылу ағзаны шынықтырады.

Мемлекетімізде бұл спорт түрі бойынша көптеген атақты спортшылар бар:

1. Светлана Бабанина 100 м-ге брасс әдісімен жүзу бойынша екі рет әлем рекордын орнатқан. Ол Жапонияның Токио қаласында өткізілген олимпиадада 200 м-ге



10-сурет.




11-сурет.


брасс әдісімен ($2,28,6$), 4×100 м-ге комбинациялы эстафета бойынша жүзіп, екі қола медальды жеңіп алды.

2. Сергей Конов және Сергей Заболотновтар – бұрынғы одақ чемпиондары және Олимпиадаға қатысушылар.

Жұзудің түрлері. Крол әдісі бойынша кеудемен еркін жүзу (10-сурет). Шалқалай жатып крол әдісімен еркін жүзу (11-сурет). Брасс әдісімен жүзу (12-сурет).



12-сурет.



13-сурет.

**Баттерфляй өдісімен жүзу
(13-сурет).**

Сұрақтар

1. Сен жүзуді білесің бе?
2. Саған жүзу спорты ұнай ма?
3. Жүзудің қандай түрлерін білесің?

Тапсырмалар

1. Өзіңе ұнаған өдіс бойынша жүзуді үйрен.
2. Жүзу өдістерін жазып бер.



«Тұран» ұлттық жекесайысы

Әрбір спорт түрінің өз аты бар. Тұран атауының да өзіндік тарихи мағынасы бар, яғни бұл атаудың ежелгі мағынасы «тендесі жоқ батыр, ержүрек және алып баһадүр» дегенді білдіреді. Бұл – тарихи деректерге қарағанда, Өзбекстан аумағы «Тұран топырағы» делінгендігін, бұл жерде иманы таза, рухы күшті, адал өмір сүретін халық жасағандығын білдіреді.



14-сурет.



Мысалы, Тұран спорт жекесайысының қағидаларына сәйкес, қарсыластар алаңға шыққанда қолдарын жоғары көтеріп, бір-біріне алақандарын көрсетеді. Бұндай әдіс үлттық құресте де бар. Бұл «қара, қолымда еш нәрсе жоқ, алал қүресемін» деген мағынаны білдіреді. Белдесуге шыққан қарсыластар бір-біріне қол береді. Бұдан «менің қабілеттілігімді білуғе жәрдемдескенің үшін рақмет» деген мағына келіп шығады. Демек, «Тұран» қүресінде алаңға шыққан жауынгердің бірінші міндеті – қарсыласын жеңу емес, бәлкім өзінің күш-қуатын, шеберлігін толық іске салу, өзін-өзі сынау болып табылады.

«Тұран» қүресіне қатысушылар сайыста жауынгерлік соққыларды қолданбайды (14-сурет). Қатысушылар еркін жаттығулар көрсету, жұптасып, көрнекі өнер көрсету жолымен белдеседі. Таяқ пен арқан құрал ретінде пайдаланылады.



Сұрақтар


1. Күрестің тағы қандай түрлерін білесің?
2. «Тұран» сөзінің мағынасы не?

Тапсырма

Күрестің түрлеріне қатысты жаттығуларды орындауды үйрен.

Денсаулықты нығайтуға бағытталған дene шынықтыру жаттығулары

Суреттерде көрсетілген кейбір қимыл-қозғалыстар: жүру, тепе-теңдікті сақтау, жүгіру, секіру және басқа да дene шынықтыру жаттығуларымен шұғылдану денсаулықты нығайтумен қатар адамның түр-тұлғасын жан-жақты дамытады (15, 16, 17-суреттер). Дене шынықтыру жаттығуларымен шұғылданғандар сымбатты, ширақ, төзімді, ерік-жігері мықты, ержүрек және жұмыс қабілеті жоғары азамат болып өседі.



15-сурет.



16-сурет.

Сондықтан да әрбір қымыл-қозғалысты дербес, жақсы және аз күш жұмсай отырып, дәл әрі дұрыс орындауға дағдылан. Міне, сонда сен дene шынықтыру жаттығуларын орындаған кезде шаршамайтын боласың.

Жоғары жұмыс қабілетіне ие болу – денсаулықтың бірінші бел-



17-сурет.



гісі. Яғни қимыл-қозғалыс дағдыларына ие болу және күрделі жаттығуларды орындау нәтижесінде адамның бас миң мен денесінде қан айналымы жақсарып, жұмыс қабілетін күшейеді.

Дене шынықтыру жаттығурымен тұрақты шұғылдану өкпе, ас қорыту және басқа жүйелердің жұмысын жақсартады. Ең бастысы, ағзамыздың сыртқы ортаның кері өсерлеріне және ауру қоздыратын микробтарға қарсы шыдамдылығы артады.

Дене шынықтыру жаттығурымен тұрақты айналысатын адам өз өмірі барысында кездесетін кез келген қыншылықты опонай жеңеді, әрқашан тың, жігерлі, денсаулығы мықты болады. Денесін шынықтырған адамның ағза мүшелерінде зат алмасу үдерісі жақсарады, жасуша ұлпалары өсіп, жаңарып отыруы нәтижесінде жалпы дамуы жылдамдайды, денедегі қан айналымы күшайе түседі.



Шыныққан адам денесінің қартауы баяулайды, өйткені бұндағы адамның дене мүшелері жайбарақат күйде де, жұмыс барысында да бірқалыпты қызмет жасайды.

Шыныққан адам тыныққан кезде тез ұйықтайды, күні бойы шаршап, қажыған денесі әп-сәтте сергіп, қалпына келеді. Оның асқа тәбеті де жақсы болады, ас қорыту мүшелерінің қызметі бұзылмайды, көңіл күйі де өрқашан көтеріңкі жүреді.

Денесі жақсы шыныққан адам ауруларға шалдыға қоймайды, ауыра қалған жағдайда да тез сауығып кетеді.

Қысқасы, дене шынықтыру жаттығуларымен тұрақты айналысу адам денсаулығына онды әсерін тигізіп, оның кемелденуін жылдамдатады, жан-жақты мықты, қайратты етеді, өмірдің жаңа белестерін иелеуіне мүмкіндік туғызады.



Сұрақтар

1. Дене тәрбиесінің денсаулықты нығайтудағы маңызы қандай?
2. Ауру-сырқауларға шалдықпау үшін не істеу керек?

Күн тәртібі және жеке гигиена

Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданғанда өз күн тәртібінді жасап, жеке бастың гигиенасы мен күн тәртібін қатаң сақтау қажет.


Жеке гигиена дегенде нені ту-сінеміз?

Бұған ең алдымен күн тәртібі, ондағы белсененді қимыл-қозғалыстар, дене мен тері күтімі, өз уақытында демалып, ұйықтау, мезгілімен тамақтану, зиянды қимыл-қозғалыс, әдеттерден өзін тыю, киім-кешектерді таза ұстау, қойылатын талаптар мен ережелерді орындау жатады.



Күн тәртібі нені білдіреді? Әрбір оқушы күні бойы көптеген әр түрлі өнімді еңбекпен айналысады: мектепке барады, үй жұмыстары бойынша ата-анасына жәрдемдеседі, достарымен түрлі дене шынықтыру жаттығуларын жасайды, қимыл-қозғалысты ойындар ойнайды, сабак дайындайды және т.б. Бұл үшін оқушы өзінің күнделікті орындаитын негізгі жұмыстарын жоспарлауы, осы жұмыстардың қайсысын қашан, қай уақытта істейтіндігін белгілеп алуы және оны өз уақытында, толық орындауға әдеттенуі керек. Осыны күн тәртібі дейді (18-сурет).

Күн тәртібін орындауда дене шынықтыру жаттығуларының орны үлкен. Себебі, ең болмашы қимылдың өзінен-ақ ми бөліктеріне өте маңызды сезім сигналдары (импульстар) жетіп барады. Миға жауап беріп, тыныс алу, қан айналу және басқа дене мүшелеріне

*18-сурет.*

арнайы бүйрыйқтарын жібереді. Соның нәтижесінде тыныс алу жиілеп, қан айналымы жылдамдайды, дененің барлық мүшелері оттегімен жақсы қамтамасыз етіледі. Адам өзін сергек сезініп, жұмыс қабілеті арта түседі.



2-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҰЛГІ КҮН ТӘРТІБІ

7⁰⁰	Ұйқыдан тұру
7⁰⁰ – 7¹⁵	Дене шынықтыру, жуыну, төсек-орынды жинау
7¹⁵ – 7³⁰	 Таңертеңгі тамақ
7³⁰ – 7⁴⁰	Мектепке дайындалу
7⁴⁰ – 8⁰⁰	Мектепке бару
8⁰⁰ – 13⁰⁰	Мектептегі оқу уақыты
13⁰⁰ – 13³⁰	Мектептен үйге қайту
13³⁰ – 14⁰⁰	Түскі тамақ
14⁰⁰ – 16⁰⁰	Түскі тамақтан соңғы ұйқы, тынығу, қимыл-қозғалысты ойындар
16⁰⁰ – 17⁵⁰	Сабак дайындау, жұмыс орнын жинастыру
17⁵⁰ – 18⁰⁰	Женіл-желлі тамақ
18⁰⁰ – 19⁰⁰	Таза ауада серуендеу, үй жұмыстарына жәрдемдесу



19⁰⁰ – 20³⁰	Кешкі тамақ және еркін жаттығулар
20³⁰ – 21⁰⁰	Тұнгі үйқыға дайындық
21⁰⁰ – 7⁰⁰	Тұнгі үйқы

Сұрақтар

1. Жеке бастың гигиенасы дегендे нені түсінесің?
2. Күн тәртібі нені білдіреді?

Тапсырмалар

1. Өзіңнің күн тәртібінді жасап кел.
2. Ең сүйікті және қызықты ұлттық ойындардың атын жаз.

Дене шынықтыру

Жалпы дене тәрбиесінде дене шынықтыруды дұрыс ұйымдастыру ағзаның шынығуында және дұрыс жетілуінде үлкен рөл ойнайды.

Адам өмірінде денені шынықтырудың маңызы зор. Өмірде барлық адам денсаулығының жақсы,



күшті болғандығын қалайды. Денсаулық анық ойлауға, рухани тазалыққа себеп болады. Сана мен ақылақ және тән мен денсаулық арасында күшті байланыс бар.

Денені шынықтырудың мақсаты – бүкіл дene мүшелерінің өз қызметтерін мұлтіксіз орындаудың қамтамасыз ету. Дене мүшелерінің біреуін жақсы жетілдіріп, екіншісін әлсіз күйінде қалдырып қойсақ, мақсатқа жете алмаймыз. Дене мүшелерінің түрлі қимыл-қозғалыстарынан тұратын гимнастикалық жаттығулар, суда жүзу, футбол ойындары сияқты машықтар дene шынықтыру үшін өте қажет.

Ата-бабаларымыздың «Әрекет түбі – берекет» дегеніндей, белсенді дene еңбегі мен дene шынықтыру – денсаулық кепілі. Сонымен қатар спортпен тиянақты шұғылдану да дененің жан-жақты кемелденіп, жетілуіне жағдай жасайды.



Сендер де өздеріңе ұнаған спорт түрімен үзбей шұғылдансандар, атақты спортшы болып жетілулерің мүмкін. Спорт жарыстарында Өзбекстан жалауын жоғары көтеретіндеріңе сеніміміз мол. Бұған сендер міндettі түрде қол жеткізе аласындар.

Сұрақтар

1. Дене шынықтырудың не қажеті бар?
2. Күнделікті дене шынықтыруда қимылды ойындар қандай рөл атқарады?

Көңілді минуттар

Балалар, ұзақ уақыт бойы қимылсыз отыру ағзаның тәменгі бөліктерінің, ішек-қарынның, мидың қанмен толық қамтамасыз етілмей қалуына себепші болады. Бұл жүйке жасушаларының қызметіне зиянды өсерін тигізеді. Соның нәтижесінде көңіл-күй на-



шарлайды. Көп уақыт бойы бір орында тапжылмай отыра беруден бел омыртқа шаршайды, қаламды ұзақ ұстап, көп жаза бергендіктен, саусақтар да қатып қалады. Адам тез әлсірейді, жұмыс істеу қабілеті төмендейді. Сабаққа зауқы соқпай, енжар тартып, сүлесоқ болып қалады.

Бұндай күйден арылу үшін 1-2 минут бойы 3-4 дене шынықтыру жаттығулары орындалады. Бұндай машиқтарды «Көнілді минуттар» деп атайды.

1 - жаттығу. Б.қ.: қолдар парта ұстімен алға қарай созылады. Қолдарды жоғары көтеру, созылу, қолдарға қарап бастапқы қалыпқа қайту (19-сурет).

2 - жаттығу. Б.қ.: қолдар желкеге қойылады. Оң жаққа бұрылып, он қолды он жаққа созу және бастапқы қалыпқа қайту. Осыны сол жаққа қарай бұрылып, сол қолмен орындау (20-сурет).

3 - жаттығу. Б.қ.: қолдар бір-бірімен айқастырылып, желкеге



19-сурет.



20-сурет.



21-сурет.

қойылады. Қолдарды жоғары көтеріп, созылу және бастапқы қалыпқа қайту (21-сурет).

4 - жаттығу. Б.қ.: айқастырылған қолдар желкеге, ал шынтақтар партаның үстіне қойылады. Еңсені тіктеп, шынтақтарды жанына қарай ашу және бастапқы қалыпқа қайту (22-сурет).

5 - жаттығу. Б.қ.: қол орындық арқалығына тіреледі. Аяқтарды



22-сурет.



23-сурет.

алға қарай созып, бастапқы қалыпқа қайту. (23-сурет).

6 - жаттығу. Б.қ.: аяқтар алға қарай созылып, қолдар орындық арқалығының шетіне қойылады. Аяқтарды еденнен көтеріп, иықтарды артқа қарай керу және бастапқы қалыпқа қайту (24-сурет).

7 - жаттығу. Б.қ.: қолдар белгеге қойылады.

Қолдарды жоғары көтеріп, артқа шалқаю және бастапқы қалыпқа қайту (25-сурет).

8 - жаттығу. Б.қ.: қолдар иыққа қойылады.

Партаға отырып, қолдарды алға қарай созу және бастапқы қалыпқа қайту (26-сурет).

9-жаттығу. Б.қ.: қолдар белгеге қойылады.



24-сурет.



25-сурет.



26-сурет.



27-сурет.

Оңға бұрылып, бастапқы қалыпқа қайту. Солға бұрылып, бастапқы қалыпқа қайту (27-сурет).

ГИМНАСТИКА

Саптық жаттығулар

Барлық жаттығулар мен сабактар саптық жаттығулардан басталады.

Саптық жаттығулар оқушылардың түр-тұлғасын жетілдіруге, берілетін бүйіректарға көніл бөлуге, тәртіпті болуға жәрдемін тигізеді.




Саптық жаттығулар оқытушының бүйрүгімен орындалады (28-сурет).

1. «Бір қатар болып сапқа тұр!» деген бүйрүқ бойынша оқушылар бір сзызықтың бойымен сапқа тұрады (28-сурет, а).


2. «Теңеліңдер!» деген бүйрүқпен оқушылар бір-бірімен теңеліп, бас онға қарай бұрылады (28-сурет, ә).

3. «Тік тұр!» бүйрүғы берілісімен оқушылар сапта тік тұрады (28-сурет, б).

4. «Еркін тұр!» бүйрүғы берілген соң, оқушылар еркін тұ-



28-сурет.



29-сурет.

рады, яғни бір аяқтың тізесі аздаپ бүгіледі.

Саптық жаттығулар дене шынықтыру оқытушысының нұсқауы бойынша спорт аландарында немесе спорт залының түрлі сыйықтарында орындалады (29-сурет).

Сұрақтар


1. Спорт залы, спорт аландары туралы не білесің?
2. Неліктен барлық сабактар мен жаттығулар саптық жаттығудан басталады?
3. Қандай саптық жаттығуларды білесің?
4. Саптық жаттығулар барысында қандай бұйрықтар қолданылады?



Тапсырмалар

- Достарыңмен төрт бұрышты алаңша сзыып, ортаңғы, диагональ, тәменгі және жоғарғы сзықтарды белгілеңдер.
- Әр түрлі саптарға – бір қатарлы сапқа тұруды және бір қатарға бірінен соң бірі тұруды үйреніңдер.

ЖАЛПЫ ДАМЫТУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ



Бастапқы қалыптар

Өмірде керек болатын негізгі қимыл-қозғалыстарға жүру, жүгіру, секіру, биікке өрмелеп шығу, тосқауылдардан (кедергілерден) асып өту, допты лақтырып, қайта қағып алу, тепе-тендікті сақтау және тағы басқалар жатады. Қимыл-қозға-




лыстардың бұл түрлері ағзаның жетілуінде маңызды рөл атқарып, өмірге керекті қозғалыс пен қимылды, тәжірибе мен икемділікті нығайтуға септігін тигізеді. Кез келген қымыл аяқ-қолдың, дененің белгілі бір бастапқы қалпынан басталады. Бұл қалып жаттығуларды орындауға қолайлылық туғызады.

Сендер бастапқы қалыпты және оның атауларын білулерің керек. Бұл сендерге ойын кезінде еркін қозғалыстар жасауға, дene шынықтыру жаттығуларын орындағанда достарыңмен спорт тілінде сөйлесуге жәрдемдеседі.

Төменде қолдың, аяқтың және дененің негізгі бастапқы қалыптары мен қозғалыстары көрсетілген (30-сурет).

1. Б.қ.: – тік тұру (т.т.), өкшелер бірігіп, аяқ ұштары аздап ашилады, қолдар денені бойлап төмен түсіріледі, бас алға қарайды (30-сурет, а).

2. Б.қ.: – т.т., қолдар алға қарай созылады (30-сурет, ә).



30-сурет.

3. Б.қ.: – т.т., қолдар жоғары көтеріледі (30-сурет, б).

4. Б.қ.: – т.т., қолдар жанға қарай созылады (30-сурет, в).


5. Б.қ.: – т.т., қолдар белде тұрады (30-сурет, г).

6. Б.қ.: – т.т., қолдар бастың артына қойылады (30-сурет, ғ).

7. Б.қ.: – т.т., қолдар тәбеге қойылады (30-сурет, д).

8. Б.қ.: – т.т., қолдар иыққа қойылады (30-сурет, е).

9. Б.қ.: – т.т., қолдар кеуде тұсына қойылып, шынтақтар бүгіледі (30-сурет, ё).



30-сурет.

10. Б.қ.: – т.т., қолдар артта тұрады (30-сурет, ж).


11. Б.қ.: – т.т., аяқтар кеуде кеңдігінде тұрады, оң (сол) аяқ алға шығады да, аяқтар айқастырылып, қолдар төменге түсіріледі (30-сурет, з).

12. Б.қ.: – т.т., аяқтар кеңірек ашылып, қолдар белде тұрады. (30-сурет, и).

Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар

1. Таяқшаның ұшынан үстіне қарай қос қолдап ұстау (31-сурет, а).

2. Таяқшаның ұшынан астына қарай қос қолдап ұстау (31-сурет, ә).



31-сурет.

3. Таяқшаның ұшынан бір қолдап ұстау (31-сурет, б).

4. Таяқшаның ортасынан бір қолдап ұстау (31-сурет, в).

5. Негізгі тік тұру, таяқша иықтың алдыңғы жағында тұрады (31-сурет, г).

Тік тұру, отыру

1. Қолдарды белге қойып, тік тұру (32-сурет, а).

2. Аяқтарды кеуде кенәндігіндей ашып, қолдарды төменге түсіру (32-сурет, ә).

3. Қолдарға сүйене жүрелеп отыру (32-сурет, б).

4. Тізерлей тік тұрып, қолдарды дене бойлап төменге түсіру (32-сурет, в).

4 – Дене тәрбиесі, 2-сынып

*а**ә**б**в**г**ғ**д**е**ё**ж*

32-сурет.

5. Қолдарға таянып тізерлеп тұру, бас көтеріледі (32-сурет, г).

6. Отырған күйі аяқтарды жұптап, алға созу, қолдар төменге туғіріліп, бас жоғары қарайды (32-сурет, ғ).

7. Отырған күйде аяқтарды ашып, алға созу, қолдар төменге



түсіріледі, бас аздап жоғары қарайды (32-сурет, д).


8. Қолдарды артқа тіреп, аяқтарды жұптастыра алға созып отыру (32-сурет, е).

9. Қолдарды түсіріп, табанмен отыру, бас аздап жоғарыға қарайды. Төменірек отыру үшін аяқтардың арасын ашса да болады (32-сурет, ё).

10. Қолдарды тізеге қойып, айқастырып отыру (32-сурет, ж).

Жатқан күйде орындалатын жаттығулар

1. Шалқалап жату (33-сурет, а).
2. Етпеттеп жату (33-сурет, ә).
3. Қолдарға сүйеніп жату (33-сурет, б).



33-сурет.



Сұрақтар

1. Қандай негізгі бастапқы қалыптарды білесің?
2. Неліктен барлық жаттығуларды бастапқы қалыптан бастау керек?
3. Гимнастикалық таяқшаны ұстаудың қандай әдістерін және бастапқы қалыптарын білесің?

Тапсырмалар

1. Негізгі бастапқы қалыптардың аттарын жаттап алуға және оларды орындауға үйрен.
2. Кеуде бөлігінің бастапқы қалпын дұрыс орындауға дағдылан.

АЯҚ ПЕН ДЕНЕНИҢ НЕГІЗГІ ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫСТАРЫ

Құрметті оқушылар! Сендер үйренген негізгі бастапқы қалыптан түрлі қозғалыс-қимылдар орындалады. Олар аяқ, қол және дене қимылдары (34-сурет):

1. Денені алға, артқа, онға, солға қозғалту (34-сурет, а).



2. Денені оңға, солға бұру (34-сурет, ә).

3. Аяқтарды алға, жанға, артқа қозғалту (34-сурет, б).

4. Тізелерді бүгіп, аяқтарды жоғары көтеру (34-сурет, в).

5. Тізелерді бүгіп, аяқтарды артқа көтеру (34-сурет, г).

6. Қолдарды белге тіреп, сол аяқпен тік тұру және оң аяқты алға созып, аяқтың үшін жерге тигізу (34-сурет, ғ).

7. Қолдарды белге тіреп, жартылай отыру (34-сурет, д).

8. Тізелерді бүгіп, қолдарды жанға қарай созу (34-сурет, е).

Бұл жаттығулардың тиімділігі жоғары болуы үшін жаттығуларды да нақты жоспар негізінде таңдай білу керек. Дене шынықтыру жаттығуларының кешені көбінесе мына төмендегідей тәртіппен таңдалады:

9. Аяқтар иық кеңдігінде қойылады, қолдар иықта болады, керілу жаттығулары орындалады (35-сурет, а) – б.қ. қайту.



а



е



б



в

г

ф

д

е

34-сурет.



10. Тік тұрған күйде тізені бүгіп отыру, қолдар жан қапталға қарай созылады (35-сурет, ә) – б.қ. қайту.


11. Тік тұрған күйде қолдарды жоғару көтеру, сосын алға еңкею (35-сурет, б) – б.қ. қайту.

12. Тік тұрған күйде алға еңкею, сол аяқты артқа қарай көтеріп, қолдарды жан қапталға түсіру. Содан соң бұл жаттығуды оң аяқпен орындау (35-сурет, в) – б.қ. қайту.

13. Қолдарға сүйеніп жатқан күйде тізелерді бүгіп, артқа тартылу, оған отыруға әрекеттену (35-сурет, г) – б.қ. қайту.

14. Тізерлей отырып, алға қарай шұғыл еңкею, қолдар алға созылады. Денені тіктеп, солға қарай бұрылу, қолдар жан қапталға түсіріледі. Сосын осыны оң жақпен орындау (35-сурет, ғ) – б.қ. қайту.

15. Аяқтар иық кеңдігінде қойылып, қолдар алға қарай созы-



35-сурет.

лады. Сонын қолдарды сол жаққа қарай, ал сол аякты алға созып, үштарын тенестіру. Осының өзін он жақпен орындау (35-сурет, д) – б.к. қайту.



16. Секіргіш жіппен секіру (35-сурет, е), 30-35 рет.

17. Тыныс алу жаттығулары – аяқтың ұшымен тұрып, қолдарды жоғары көтерген кезде тыныс алу және қолдарды тәменге түсіріп, еңкейген кезде тыныс шығару (35-сурет, ё).

Әрбір жаттығу (арқанмен секіруден тыс) 4-6 рет қайталанады.

СҮЙЕНІП СЕКІРУЛЕР


Сүйеніп секіру оқушылардың бойында үйлесімділікті, шапшаңдықты, ептілік пен ширақтықты және басқа да қасиеттерді тәрбиелейді. Сүйеніп секірудің түрлері:

Гимнастикалық орындыққа қос қолмен сүйеніп, жұптастырылған аяқпен солға және онға қарай тепсіне секіріп өту (36-сурет).

Жүгірген бойда гимнастикалық көпір (козёл) үстіне қолдарды тірей секіріп, тіземен түсу, сосын қолдардың көмегімен тепсіне секіріп, жұмсақ қону (37-сурет).



36-сурет.



37-сурет.



38-сурет.

Бірінен соң бірі қойылған баллондар үстінен қолдардың көмегімен аяқтарды кері секіріп өту (38-сурет).

АСЫП ӨТУ, ЕҢБЕКТЕУ ЖӘНЕ ӨРМЕЛЕП ШЫҒУ

Еңбектеп жүру, еңбектеп өту, еңбектеп асып өту, гимнастикалық қабырғамен және арқанмен өрмелеп сен үшін өте пайдалы.





Себебі бұл жаттығулар дене, моянын, қол, аяқ бұлшық еттерінің дамуына көмектеседі. Сондай-ақ шапшаңдық, батылдық және биіктікке секіру сияқты маңызды ерекшеліктерді дамытады.

Орындықтың астынан немесе төңкерілген орындықтардың арасынан еңбектеп өту (39-сурет).

Заттардың үстінен еңбектеп асып өту (40-сурет).

Гимнастикалық орындықтар үстінде еңбектеу және тартылу (41-сурет).


Сатыға және жалғыз бағанға өрмелеп шығу (42-сурет).



39-сурет.




40-сурет.



41-сурет.



42-сурет.



43-сурет.



44-сурет.



Горизонталь тартылған арқанға аяқтар көмегімен асылып жылжу (43-сурет).

Арқанға өрмелей (44-сурет).

Тепе-тәндікті сақтау жаттығулары

Тепе-тәндікті сақтауға арналған жаттығуларды тұрған жерлерінде, мектепте достарыңмен бірге және өздерің дербес орындасандар да болады.


Тепе-тәндікті сақтау жаттығула-рын бөрене үстінде немесе қия-лай қойылған сатылардың үстін-де жүріп орындаған жақсы.

Гимнастикалық орындық үстін-де бір аяқтап тұрып, екінші аяқты алға, жанға, артқа қарай со-зып, қолдарды белге немесе бір қолмен гимнастикалық қабырғаның таяқшаларынан үстап тұру (45-су-рет, а).


Гимнастикалық орындыққа қо-йылған үрлемелі доптардың не-месе тартылған арқанның үстімен жүру (45-сурет, ә).



а



θ



б

45-сурет.

в

b

Қолдарды қимылдатып, аяқтың ұшымен гимнастикалық орындықтың үстінде жүру (45-сурет, б).

Қиғаштау қойылған гимнастикалық орындықтың үстінде қолдарды түрлі қалыпқа келтіріп, тізені жоғары көтеріп жүру (45-сурет, в).

Сұрақтар

1. Тепе-тендікті сақтау жаттығулары қандай жерлерде орындалады?



2. Тепе-тендікті сақтау жаттығуларын орындағанда қандай спорт жиһаздарын пайдалануға болады?

3. Тепе-тендікті сақтау жаттығуларының қандай түрлерін білесің?

Тапсырмалар

1. Қолдарынды белге тіреп, бір аяқпен тұр, екінші аяғынды тізеден бұгіп, жоғары көтер де, көзінді жұм.

2. Тұрлі заттардың – орындықтың, үрлемелі доптың және басқа заттардың үстінде қолдарынды екі жаққа қарай созып, аяқтың ұшымен тұр.

Акробатика

Акробатика жаттығулары алға және артқа қарай тоңқалаң асу, жауырынмен, баспен тік тұру, «көпірше» жасау және сол си-яқтылардан тұрады.

— шалқалап жатқан күйде екі қолмен тізені қеудеге қарай тартып, солға, онға, алға және артқа бесікше тербетілу (46-сурет).

— аяқтарды кере жүрелеп, екі қолмен аяқтарды құшақтаған



46-сурет.




47-сурет.

күйде басты алға қарай өңкейтіп отыру.

— шапшаң қымылмен артқа қарай домалап, тоңқалаң асу. Әдетте мұндай жаттығулар гимнастикалық матрац немесе кілем үстінде орындалады (47-сурет).

Шалқалай жатып «көпірше» жасау

Гимнастикалық қабырғадан бір қадам беріде теріс қарап тұрып, қолдар жоғары көтеріледі. Артқа шалқайып, гимнастикалық



48-сурет.

қабырғаның баспалдақтарын бірінен соң бірін кезекпен ұстау әдісімен қолдар жайлап еденге түсіріледі де, «көпірше» жасалады (48-сурет, а).

Бірінің үстіне бірі қойылған гимнастикалық матрацтарға теріс қарап, аяқтардың арасын біраз алшақтатып, артқа қарай шалқаю әдісімен «көпірше» жасалады, үш рет серіппе сияқты тербеліліп (дөненің ауырлығын аяқтан қолға және керісінше), төртіншісінде тік тұрып, бастапқы қалыпқа қайтады (48-сурет, ә).

Шалқадан жатқан күйде «көпірше» жасаудан бұрын дайындық тербелістері жасалады, дөненің салмағы қолға, қолдан аяққа өт-



48-сурет.

кізіледі, кейін шалқалай жатып, тербелу қайтадан басталады. Тек содан соң ғана «көпірше» жасалады (48-сурет, б).

Тізерлей тік тұрып «көпірше» жасау. Артқа шалқайған кезде серігі жаттығу иесін санынан ұстап, өзіне қарай тартып тұрады (48-сурет, в).

Екі оқушы аяқтарының арасын алшақтата бір-біріне жәрдем беріп, «көпірше» жасайды (48-сурет, г).

Өз бетімен «көпірше» жасау (48-сурет, ф).

Сұрақтар

1. Еңбектеп жүру, асып өту және өрмелеп шығу жаттығуларының қандай пайдасы бар?



2. Гимнастикалық орындықтардың үстінде тартылу жаттығулары адамның қайсы қасиеттерін арттырады?
3. «Көпірше» жасау жаттығулары қалай орындалады?

Тапсырмалар

1. Еңбектеп жүру, еңбектеп асып өту және өрмелеп шығу жаттығуларының маңызын түсіндіріп бер.
2. Жұмарлану қалыбы дегенді ту-сіндір.
3. Тоңқалаң асу жаттығуларын орында.

Көркем гимнастика


Шеңбермен жаттығу орындау (49-сурет, а).

Доппен жаттығу орындау (49-су-рет, ә)

Түйреуішпен жаттығу орындау (49-сурет, б).

Таспамен жаттығу орындау (49-сурет, в).

«Секіргішпен» жаттығу орындау.



а



ә



б



в

49-сурет.

Сұрақтар

1. Көркем гимнастика бойынша қандай атақты спортшыларды білесің?
2. Көркем гимнастикамен үл балалар да шүғылдана ма?
3. Көркем гимнастика жаттығулары қай жерде өткізіледі?



Тапсырма

Гимнастика бойынша мектепте нелерді үйренгенің жөнінде мәліметтер жазып бер.


ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Жұрудің түрлері

Жұрген уақытта адам денесінің барлық мүшелері, бұлшық еттері, буындары қозғалысқа түсіп, жақсы жетіледі.

Жұру ережелерін дұрыс сақтағанда дene, арқа мен қарын бұлшық еттері айтарлықтай нығаяды, аяқ бұлшық еттері дамиды, тұр-тұлға дұрыс қалыптаса бастайды. Төменде жұрудің негізгі түрлері берілген.

Бір қалыпты жай жұру. Балалар, сендер жұргенде жерге алдымен өкшені қоясындар, сосын аяқ ұшына қарай қозғалып, жұруге өтесің (мүмкіндігі барынша тізе бүгілмеуге тиіс). Қолдардың



50-сурет.

51-сурет.

52-сурет.


шынтақтары бүгіліп, алма-кезек көкірек тұсына келеді, сосын шынтақ артқа қарай жоғары көтеріледі, қолдың саусақтары белдің деңгейіне келеді. Иек сәл жоғары көтеріліп, мойын еркін тұрады (50-сурет).

Қолдардың қалпын өзгертіп, аяқ ұшымен жүру (51-сурет).

Тізені жоғары көтеріп жүру. Қимыл анық та жылдам, қадам қысқа да ширак болады (52-сурет).

Жартылай жүрелеп отыру және жүрелей отырып жүру (53-сурет, а, ә).

Шапшаң адымдап жүру. Бұнда өскери жүріс сияқты аяқтар кө-



53-сурет.



54-сурет.


теріліп, аяқтың табаны жерге толық тиеді (54-сурет).

Жүгірудің тұрларі

Балалардың өмірінде басқа қимыл-қозғалыстарға қарағанда жүгіру көбірек кездеседі. Сендерге жүгірудің мынадай тұрларі ұсынылады:

Жай жүгіру. Бұл – жүгіру ережесі дұрыс орындалатын, еркін, жеңіл, қолдарды табиғи түрде қозғалта жүгіру (55-сурет).

Аяқтың ұшымен жүгіру. Жерге аяқтың ұшы қойылып, өкше тигізілмейді. Қысқа қадаммен жылдам жүгіреді (56-сурет).




55-сурет.



56-сурет.



57-сурет.



58-сурет.


Секіре жүгіру. Жылдам және кең қозғалып, аяқтан-аяққа секіріп жүгіреді (57-сурет).

Жылдам қарқынмен жүгіру. Бұл әдіс аяқтың алдыңғы бөлігімен орындалып, кең қадам жасалады (58-сурет).

Жай жүгіру. Жай жүгіру басқа жүгірүлерге қарағанда көбірек қолданылады. Жүгірудің бұл түрі



59-сурет.



60-сурет.

жалпы төзімділікті дамытады, ағзаның функционалдық мүмкіндігін арттырады. Сол себепті жиі пайдаланылады (59-сурет).

Өрге және ылдиға қарай жүгіру.

Өрге қарай жүгірген уақытта қысқа адымдап, аяқтың ұшымен жүгіру жақсы нәтиже береді. Мұнда дене алға қарай сәл иіледі.

Ылдиға қарай жүгіргендеге, дене артқа қарай шалқаяды, адым үлкен-үлкен болады (60-сурет).

Сұрақтар

- Дененің қандай негізгі қозғалыстарын білесің? Олар қалай аталады?



2. Жүрудің қандай түрлерін білесін?
3. Жүгірудің қандай түрлері бар?
4. Өрге қарай және ылдиға қарай жүгіру ережелерін айтып бер.

Тапсырмалар

1. Достарыңмен бір сапқа қатарлануды және бірінен-соң бірі тұруды қайталандар.
2. Солға, онға бұрылуды қайталандар.

Кросс жүгіру

300 м, 500 м, 800 м-ге кросс жүгіру. Жүгірудің бұл түрі орташа жылдамдықпен жүзеге асы-



61-сурет.



рылады. 2-сыныптың оқушылары үшін бұл жүгірудің уақыты есепке алынбайды. Кросс жүгіру жазық, ойлы-қырлы және орманды жерлерде өткізіледі. Жүгірудің бұл түрі оқушылардың бойында шыдамдылық қасиетін тәрбиелейді.

Кедергілі жүгіру

Кедергілі жүгіру жылдамдық, ептілік қасиеттерді тәрбиелеп, шындаиды. Жүгірудің бұл түрі жеке және жаппай бұқаралық түрде өткізіліп, жеңімпаздар анықталады. Бұнда уақыт та ескеріледі.

Сұрақтар

1. Кросс жүгіру қандай сапалық қасиеттерді тәрбиелейді?
2. Кросс жүгірудің қарапайым жүгірулерден қандай айырмасы бар?
3. Кедергілі жүгіру мен кросс жүгірудің арасында қандай айырма бар?
4. Кедергілі жүгіру қандай қасиеттерді тәрбиелейді?



СЕКІРУДІҢ ТҮРЛЕРІ

Тұрған жерде қос аяқтап биікке секіру (62-сурет).



62-сурет.

Аяққа шеңбер байлап секіру (63-сурет).

Шеңберден-шеңберге төрттағандап секіру (64-сурет).




63-сурет.




64-сурет.

Тұрған жерде биікке секірген кездегі серпіліс аяқ бұлшық еттерін жақсы жетілдіреді, секіру қабілетін



65-сурет.



66-сурет.

арттырады, шапшаң орын алмасу білігін қалыптастырады.

Бір орында тұрып биікке секіру көбінесе ойын түрінде өткізіледі.


Резенке үстінен секіру ойыны (65-сурет).

Секіріп барып, қолдарды биікке ілінген заттарға тигізу (66-сурет).


40–50 см биіктіктегі гимнастикалық тақтаның үстінен тәменге секіру (67-сурет).

Бір орында тұрып ұзындыққа секіру (68-сурет).

Арқанмен (секіргіш жіппен) секіру төзімділікті арттырады, жүрек-қан тамыр және тыныс алу қызметін, сондай-ақ бұлшық еттерді



67-сурет.



68-сурет.

нығайтады. Секіргішпен секірудің түрлі әдістері бар (69-сурет):

- а) секіргіш жіптің астынан жүгіріп өту;
- ә) секіргіш жіптің үстінен секіру (69-сурет, а);
- б) секіргіш жіппен секіре қашу;
- в) жұп-жұп болып секіру (69-сурет, ә);
- г) ұзын арқанның астынан секіргішпен секіріп өту (70-сурет, б).

Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру. Әдетте бұл жаттығу алаң-қайда өткізіледі. Спорт залында қабаттастыра қойылған 2-3 гимнастикалық матрац үстінде де секіруге болады (70-сурет).




69-сурет, а.



69-сурет, ә.

Жүгіріп келіп биіктікке секіру. Секірудің бұл түрі құрдептік болғандығы себепті секіруді үйренуден бұрын 2-3 қадам жерден жүгіріп келіп, сол заматта бір аяқпен серпіліп, бөгеттен өте берер кезде аяқтарды бұгіп алу керек. Бұл әдіс әуелі аяқтың ұшымен басталып, сосын бүкіл аяққа өтетін жұмсақ қонумен аяқталады.




69-сурет, б.



70-сурет.

Биіктікке секіру үшін құм төсептің алаңқай, екі баған және көлденең қойылатын планка керек. 1–2-сынып оқушылары спорт залы ішіне тартылған резенке арқанды пайдаланып, гимнастикалық матрацтарға секірсе де болады (71-сурет).



71-сурет.



Сұрақтар

1. Ұзындыққа және биіктікке секіруді үйрену үшін қандай заттарды пайдалануға болады?
2. Бір орында тұрып ұзындыққа секіруден қандай нәтижеге жеттің?
3. Секіргіш жіппен секірудің түрлерін айтып бер.

Тапсырмалар

1. Секіргіш жіппен бір аяқпен және қос аяқтап секіруді үйреніп ал (әр күні 10–20 сек. қосып отыру керек).
2. Жоғары старттан 20–30 м-ге жылдам жүгіруді қайтала.
3. Бір орында тұрып ұзындыққа секіруді қайтала.

Шағын доптармен орындалатын жаттығулар

Сендер түрлі ойындарда үлкен доп және шағын доп сөздерін көп қолданасыңдар. Олардың қандай айырмашылықтары бар? Үлкен доптарға баскетбол, волейбол,




футбол және т.б. доптар жатады. Ал шағын доптарға теннис добы, кішкене резенке доптар жатады.

Допты лақтыру және қағып алу өдістері суреттерде көрсетілген.


Шағын допты сол және он қолмен кезек-кезек қабырғаға қарай лақтырып, жерге түсірместен қос қолдап қағып алу (72-сурет, а, ә).

Шағын допты сол және он қолмен жерге соғып, алға және артқа қарай шапалақ соғып, допты қағып алу (73-сурет, а, ә, б).

Шағын допты сол және он қолмен жоғары лақтырып (өте биікке лақтырмай керек), қос қолдап қағып алу. Бұл жаттығуды тізені



72-сурет.




73-сурет.


бүгे шапалақ соғып, қос қолдап қағып алу (74-сурет, а, ә, б).

Шағын допты сол және оң қолмен биік қабырғаға қарай лақтырып, қос қолдап қағып алу (75-сурет, а, ә).

Теріс қарап тұрып, допты оң және сол жақпен қабырғаға қарай қос қолдап лақтыру, жерден



74-сурет.




75-сурет.




ыршыған допты қос қолдап қағып алу (76-сурет, а, ә).

Шағын допты қабырғаға қарай қос қолдап лақтырып, кері қайтқан доп жерге түсіп үлгеместен, үстінен қарғып өту (77-сурет, а, ә).


Допты жерге соғып, түрлі қимылдарды орындаған соң қағып алу (солға және оңға қарай 360° -




76-сурет.




77-сурет.



78-сурет.




79-сурет.




80-сурет.

қа айналу, екі рет сөкіру және т.б.) (78-сурет, а, ә, б).

Доппен дербес және жұптасып ойнау жаттығулары (79-сурет).



81-сурет.



82-сурет.

Допты 1–2 қадам қашықтықтан бір-біріне қос қолдап лақтырып, қос қолдап қағып алу (80-сурет).

Жұптасқан күйде допты төменнен жоғары қарай бір-біріне қос қолдап лақтырып, тосып алу (ара қашықтық ерікті түрде өзгеруі мүмкін) (81-сурет).

Допты сол және оң қолмен кезек-кезек жерге соғып жүру, жүгіру және себетке тастау (82-сурет).




Теннис добын лақтыру

Допты лақтырып, қағып алу қимылдарын, икемділік пен дағдыны түрлі әдістер арқылы жетілдіруге болады. Бұл жаттығулар допты алысқа лақтыруға, нысанана дәл тигізуге жәрдем береді.

Допты нысанана қарай лақтыру (горизонталь немесе вертикаль нысанан) үшін резенке доптар немесе теннис доптары пайдаланылады. Жәшік, томар, себет сияқтыларды – горизонталь нысанана, ал бетіне шеңбер пішіні сызылған тақтаны, ағаштарды вертикаль нысанана деп есептеуге болады. Лақтыру әдісі лақтырылатын заттың салмағына және көлеміне қарай таңдалады. Мысалы, үлкен допты себетке немесе жерде жатқан шеңберге тастаған кезде, доп төменнен қос қолдап лақтырылады. Егер доп шағын болса, онда оны бір қолмен орындаған қолайлырақ.

Допты бір орында тұрып алысқа лақтыру. Бастапқы қалып. Сол



83-сурет.

аяқ аздап алға шығарылып, шынтақ бүгіледі. Допты оң қолмен жоғары көтеріп, кеуде мен қолды алға иіп, дененің салмағын алдыңғы аяқта түсіреді. Допты лақтыру немесе нысанага тигізу саусақтардың көмегімен орындалады (83-сурет).

Сұрақтар

1. Допты лақтыру мен қағып алууды үйренуді қайсы жаттығулардан бастаған орынды?

2. Допты лақтыру мен қағып алу жаттығуларына байланысты қандай қимыл ойындарын білесің?

3. Үлкен және шағын доппен орындалатын қандай жеке ойын жаттығуларын білесің?

4. Доппен жұптасып орындалатын қандай жаттығуларды білесің?



Тапсырмалар

1. Шағын допты әр түрлі қашықтықтан бір қолмен лақтырып, нысананаға тигіз.
2. Вертикаль нысананың дайындашып, допты әр түрлі қашықтықтан лақтырып, нысананаға тигіз.

Қимылды ойындар

Құрметті оқушылар, ойын – деңені тәрбиелеудің маңызды құралдарының бірі. Ойын арқылы қимыл-қозғалыстың барлық түрлерін: жүруді, жүгіруді, секіруді, бөгеттер мен кедергілерді жеңуді үйренесің. Ойын түйсікті, сананы, ширақтықты, ептілікті, күштілікті, төзімділікті дамытуға, ал көпшілік қатысатын ойындар достық және ортақтық сезімдерді тәрбиелеуге жәрдем береді.

Қозғалыс – өмірдің негізі. Қозғалыссыз ешқандай өмір де болмайды. Оның шектелуі немесе



бұзылуды өмірдегі барлық нәрслерге зиянды әсерін тигізеді.

Мынаны да біліп қойған жақсы, денсаулықты сақтап, нығайту үшін мектепте өтілетін 2 сағаттық дене шынықтыруу сабағы жеткіліксіз. Сендер қимыл-қозғалыстар көлемін көбейту үшін оқудан тыс уақытта достарыңмен бірге әр түрлі ойындарға қатыссандар, денелерінді шынықтыруды дамытуға үлес қосасындар.

Таза ауада өткізілетін ойындар денсаулыққа пайдалы, ол бүкіл ағзаның қызметін жақсартады және белсенді демалыс құралы болып та саналады.

Төменде жеке түрде, көпшілік болып және топ-топ болып ойнайтын түрлі ойындардан мысалдар келтірілген.

Секіргішпен секіру. Бұл ойын өте қарапайым, оны түрлі жастағы адамдар да машық ретінде орындаі алады. Атақты спортшылар да секіргішпен секіру жаттығуларын


көп орындаған. Себебі бұл машиқтарды жеке, жұптасып және топ болып түрлі әдістермен орындауға болады.

Бұл ойын жылдамдықты, ширажтықты, төзімділікті және басқа да керекті қасиеттерді тәрбиелейді (84-сурет, а, ә, б, в, г).

Қимылды ойындар көбінесе эстафета ретінде өткізіледі.

Велосипед, самокат тебу (85-сурет). Бұл ойын да жылдамдықта, тепе-тендікті сақтауға және кеністікті сезінуге үйретеді.

Шеңберді дөңгелетіп жарысу (86-сурет). Бұл ойын өте қызықты



84-сурет.



Әтеді. Шеңберді бір қалыпты дөңгелетіп жүгіру барлық адамның қолынан келе бермейді. Бұл үшін тиянақты түрде шұғылдану керек.

Зырылдауықпен жүгіру. Зырылдауықты әрбір бала өзі жасап алуы мүмкін. Зырылдауық ұзындығы 10-12 см-лік төрт бұрышты қағаздан жасалады. Әрбір бұрыштан диагональ бойымен ортасына дейін (5 см) жеткізбей қайшымен қыллады. Сосын төрт ұшын артқа қайырып, оны қалам, ручка немесе ағаштан жасалған таяқшаның ұшына орнатады. Таяқшаны қолға ұстап қаншалықты тез жүгірсе, ол соншалықты тез айналады.




85-сурет.



86-сурет.

«Тартысу» ойыны. Бұл жаттығулар күшті дамытуға арналған, оны түрлі әдістермен орындауға болады. Әрбір баланың күшті болғысы келеді және соған әрекет жасайды. Бұл ойында балалар өз күштерін сынап көруі мүмкін (87-сурет а, ә, б).

«Дар» ойыны. Дар ойыны адамнан үлкен дене дайындығын, ептілікті, батылдықты талап етеді. Бұл қимыл-қозғалыста тепе-тең-






дікті сақтау және кеңістікті сезіну үлкен рөл ойнайды. Сондықтан бөрене үстімен, гимнастикалық орындықтар арасына тартылған арқанмен жүру, жалғыз аяқпен тұру және осы сияқты машиқтар тепе-тендікті сақтау және кеңістікті сезіну сияқты қасиеттерді тәрбиелейді (88-сурет).

«Кім жылдам?» ойыны. Бұл ойында жұп-жұп болып барынша жылдам жүгіруге жарысады. Бұл ойынды қыздар да, ұл балалар да қызыға ойнап, бірінші болуға тырысады.

Ойында әрбір жұп жүгірген кезде кім мәреге бірінші болып келсе, солар жеңімпаз болып саналады. Топтарға бөлініп ойнауга да




88-сурет.

 болады. Мұнда қайсы топтағылар көбірек бірінші болып келсе, солар жеңген болып табылады.

«Балық аулау» ойыны. Мұнда балалар ойынға қажетті заттарды өздері жасап алады. 50 см-лік тақтайшаға басында дөңгелегі бар екі шеге қағылады. Балалар бір-бірден қармақ алып, жарты метр қашықтықтан тұрып шеңбері бар шегені қармақпен іліп алса, сол адам «балық ұстаған» жеңімпаз болып саналады (89-сурет).

«Жасырынбақ» ойыны. Ойынға 10-ға жуық бала қатысады. Ойын санау арқылы: «1, 2, 3, 4, 5, 6, 7... – Кетті!» деп басталады.




89-сурет.



«Кетті» сөзі ойынға қатысушылардың қайсысына тура келсе, сол бала көзін көлегейлеп тұрады.

Басқа ойыншылар қалаған жерлеріне барып жасырынады. Көзін жұмып тұрған бала: «Болды ма, болмады ма?» – деп сұрайды. Жасырынған балалардың біреуі «болды» деп жауап береді. Содан кейін ол жасырынған балаларды іздеуге кіріседі. Балалар сол мезетті пайдаланып, бірінен соң бірі мәреге қарай жүгіреді. Іздеуші оларды қуалайды. Егер жасырынған ойыншылардың біреуі мәреге іздеушіден бұрын жетіп келсе, «Жеттім!» деп айқайлайды. Іздеуші жасырынған балалардың біреуіне жетіп алып, қолын тигізсе: «Қол тиді, ұстадым!» – деп тоқтатады. Ұсталған бала көзін көлегейлейді, яғни жұмып тұрады. Қуалаған бала жасырынған ойыншылардың бірде-біреуін ұстай алмаса, қайтадан көзін жұмып тұрады, ойын басынан басталады (90-сурет).



90-сурет.

«Қабырға сыртынан шыркөбелек айнал» ойыны. Балалар бір-бірімен қол ұстасып (тізбектесіп) тұрады. Балалардың біреуі шетте тұрады, тізбекте бірінші болып тұрған бала шенбер бойлап ішкеріге қарай жүгіреді де, тізбекті жыланға ұқсатып иеді, сөйтіп мынаны айтады:

Қабырға бұл,
 Айналып өт.
 Тарылып тұр,
 Қабырға бұл.

Ол бұл шумақты айтып болысымен-ақ барлығы кілт тоқтайды. Ең шетте тұрған қыз, айтальық,




Лола жыланға ұқсаған тізбектің сырт жағынан жақындал, ең шеттегі баланың қолынан ұстап алып, жыланға ұқсаған тізбекті жайып жібереді де, шеңбер бойлап жүгіреді. Тізбектен шеңбер пайда болады. Лола шеңбердің ортасына түсіп қалады. Балалар:

Лола келді жүгіріп,
Тауып алды ұршық.
Жіптері ұшты,
Ұршығы түсті.

Соңғы сөздерді Лоланың өзі айтады:

Ұршығым домалады,
Жіптері шұбалады.
Ұшынан ұстап алдым,
Жібермей тістеп алдым.

Ол шеңбердің қалаған жеріне барып «ұстадым, тістедім» деген сөздерін айтып тұрып, тізбекті сол жерден үзіп жібереді де, үзілген жерге өзі тұрады. Тізбектің екінші ұшында бірінші болып қалған ой-



91-сурет.



92-сурет.

Ыншы ойын қайталанып жатқан кезде Лоланың рөлін орындаиды. Ойын қайтадан басталады (91-сурет).

«Орамал алу» ойыны. Ойын биік жерге, ағаш бұтағына немесе гимнастикалық қабырғаның баспалдағына ілінген орамалды секіріп алудан тұрады. Орамалды жайлап жоғары көтеріле беретіндей етіп ілу керек. Бұл үшін жіңішке арқанды пайдалануға болады. Орамалдың биіктігі өзгере береді, кейбір балалар бұл биіктікten оны ала алмайды. Әрбір әрекеттен соң орамалды алатын балалардың саны азая береді, әйттеуір біреуі



жөнімпаз болып шығады (92-сурет).

«Қаш, балам, құс келді» ойыны. Ойын алаңқайда өткізіледі. Қатысатындардың саны 10–15-тен аспауға тиіс. Ойында бір бала – «бүркіт», екіншісі – «анабасы» етіп сайланады. Қалғандары «шәже» болады. Алаңның бір шетіне үлкенірек етіп шеңбер сыйылады. Барлық «шәжелер» сол шеңбердің ішінде тұрады. Анабасы шеңбердің сыртында тұрады. Бүркіт анабасының алдына келіп: «Балаңның біреуін беріп тұр», – дейді. Анабасы: «Ей, бүркіт, кешегі балам қане?» – деп сұрайды. Бүркіт: «Тұздап, пиязға қосты. Мысық мияулады, қарға қарқ етті, алып қашты», – дейді де, бірден шәжелерге қарай ұмтылады. Сонда анабасы өз балаларын қорғауға әрекет жасайды. Анабасының сақтандыру сөзін естіген балалар бір-бірін мықтап ұстап, бүркітке ұстаптау үшін анабасының арқа-



сына барып паналайды. Егер бүркіт қайсы шөжеге қолы тисе, сол «тұтқынға түскен» болып саналады да, екінші шенберге, яғни бүркіттің «үйіне» апарылады.

Анабасы өз шөжелерінен ажырамаған күйі «тұтқынды» құтқаруы мүмкін. Бұл үшін анабасы бүркіттің үйіне жақындалап, тұтқын шөжеге қолын тигізеді. Тұтқын шөже сол заматта-ақ қамаудан құтылып, ойынға қосылады. Ойын анабасыдан басқа барлық шөжелер тұтқынға түскенше жалғаса береді. Бұл ойынды балалардың жасы мен дайындығына қарай құрделілендіруге (шенбердің диаметрін өзгертуге) болады (93-сурет).

«Қақпақ» ойыны. Бұл ойынға көбірек қыздар қатысады. Бұл үшін 9 қақпақ жинау қажет. Сосын 9 торкөз сзыылады. Ойыншылар 2 топқа бөлінеді. Қыздардың біреуі күзетші болып тұрады. Әрбір топ санау жолымен кім бастайты-



93-сурет.

нын және «күзетшіні» таңдайды. Күзетші алдын-ала даярланған 9 қақпақты бір торкөзге қабаттап жинап, сол торкөздің алдында тұрады. Қыздардың біреуі 1–1,5 метрдей қашықтықта тұрып, қабаттап жиналған қақпақтарды доппен ұруы керек. Ол тигізе алмаса, кезекті басқа ойыншы алады. Доп тиіп, қақпақтар шашылып кетсе, олар қашады. Ал күзетші оларды қуады.

Күзетші қуып жүрген кезде қыздар қақпақтарды біріндеп жинап, торкөздерге орналастырып шығулары керек. Барлық қақпақтар өз орнына қойылса,



топ жеңеді. Күзетші болған екінші топ ұтылады. Ойынды екінші топ бастайды.

«Байлау» ойыны. Балалар екі топқа бөлініп, бір-біріне қарсы қарап, қол ұстасып тұрады. Бірінші топ сұрақ қояды, ал екінші топ жауап береді.

Сұрақ:

1. Байлау—байлау
2. Қоян қайда?
3. Не жеді?
4. Түйіншегің қане?
5. Арбакешің қане?

Жауап:

- Жаным байлау.
Алатуда.
Сәбіз жеді.
Арбада.
Жанымда, —

деп, байланған балаларды көрсетеді де, қолдарын босатып жібереді.

Ойын қайтадан басталады.

Әрбір дұрыс жауаптан соң, қол ұстасып тұрған бала жанындағы баланың астынан өтеді, яғни байланады. Қайсы топтың балалары көбірек байланған болса, сол топ жеңімпаз болып саналады.



Сұрақ беру тек қана анабасының міндетіне жүктеледі. Ойындағы сұрақ-жауапты тәрбиеші сөз байлығына қарай өзгертуі де мүмкін.

«Әтештер айқасы» ойыны. Ойын алаңқайда өткізіледі. Жерге диаметрі 2 метрлік шеңбер сзыылады. Барлық ойыншылар 2 топқа бөлініп, шеңбердің жанында бір-біріне қарап, екі қатар сап түзейді. Әрбір топқа бір-бірден топбасы сайланады.

Топбасы өз тобынан біреуді шеңберге жібереді. Шеңберге келген ойыншылар қолдарын артқа қайыра ұстап, бір аяқтан тұрады. Рұқсат берілсімен-ақ, олар бірін-бірі иықпен қағып, шеңберден шығарып тастауға әрекет жасайды. Өз қарсыласын шеңберден сыртқа итеріп шығарған ойыншы жеңіп, өз тобына бір ұпай әпереді.


Содан соң шеңберге топбасылар тандаған кейінгі «әтештер» жұбы шығады. Ойын барлық



оыйншылар «әтеш» рөлін орындаپ болғанша жалғаса береді. Ең көп ұпай жинаған топ ұтады. Ойын барысында кімде-кім қолын тәмен түсірсе немесе екінші аяғын да жерге қойса, ұтылған болып саналады.

«Үйсіз қоян» ойны. Екі басқарушыдан басқа оыйншылар 3–5 адамдық топтарға бөлінеді. Әр топтың мүшелері қол ұстасып, шеңбер жасайды. Шеңберлер алаңның әр жер, әр жерінде бір-бірінен 3–6 қадамдай арыда болады. Әрбір шеңбер ұя саналып, бірінші нөмірлі ойыншы қоян болып, шеңбердің ортасына тұрады. Басқарушылардың бірі – аңшы, екіншісі – үйсіз қоян болады (94-сурет).

Оқытушы белгі берісімен үйсіз қоян аңшыдан қашып, өзінің қалаған ұясына кіріп алуы мүмкін. Бірақ ол жердегі қоян тез қашып шығуы керек. Аңшы ұядан шыққан қоянды қууды жалғастырады.



94-сурет.

Аңшы қоянды ұстап алса, орын алмасады. Ұзақ уақыт бойы ұяға кірмей қашып жүре беруге болмайды.

«Қуаласу» ойыны. Бастаушы түсті орамалмен алаңның ортасына, ал басқа ойыншылар оның төңірегіне келіп тұрады. Алаң өте үлкен болса, оған шекара сызығы тартылады.

Бастаушы – «Қуушы» орамалын жоғары көтеріп, «Қуушы мен!» – дейді. Содан соң барлық



оыйншылар алаңды бойлап жүгіре тарап кетеді. Бастаушы олардың біреуін ұстауға өрекет жасайды. Бастаушиның қолы ти-ген оыйншы «қолға түсті» деп саналады. Ол орамалды алып, бастаушиның міндетін атқарады. Алғашқы бастаушы қатардағы оыйншы ретінде оыйнға кіреді (95-сурет).

Ойын ережесі. 1. Бастаушы «Қуушы мен!» дегеннен кейін ғана оыйншыларды қуа алады. 2. Жаңа болған бастаушы бұрынғы бастаушины сол заматта ұстауға ақысы жоқ. 3. Алаңның шекарасынан шығып кеткен оыйншы ұсталған болып саналады да, бастаушы міндетін атқарады.

Жолақтардың үстінен секіру. Алаңға ені 50 см-ге төң 5 жолақ сзызылады. Ойыншылар алаңның бір жағында 2–4 командаға бөлінеді.


Оқытушы белгі берісімен командалардың бірінші оыйншыла-



95-сурет.

ры бірінші жолақтан екіншісіне қарай секіріп өте бастайды. Бұл міндетті дұрыс орындаған ойыншы өз командасына бір ұпай әкеледі. Ойында аз қателесіп, көп ұпай жинаған команда жеңіп шығады (96-сурет).

Ойын өрежесі. 1. Жолақтарды белгілеп түрған шекара сызықтарын басып өту мүмкін емес. 2. Зал немесе алаң үлкен болса, командалар саны көбейтіледі. 3. Алаң тар, шағын болса, онда командалар ойынға кезекпен туреді.



96-сурет.

«Салт атты спортылар» ойыны. Залдың немесе алаң-қайдың ортасына дәңгелек – манеж сзылады. Оның жанына ойынға қатысушылардың санынан 3-5-еуі кем етіп «аттарға» арналған орын бөлінеді (сзылады). Барлық ойыншылар – «салт атты» спортшылар манежді айнала қоршап тұрады.

Оқытушының алғашқы белгісінен кейін «салт аттылар» манежді айналып, тізелерін жоғары көтере бір жаққа қарай жүгіреді. Екінші белгіден кейін қарама-қарсы та-



рапқа қарай жүгіреді. Үшінші белгіден соң «салт аттылар» аттар тұратын орынның қарсы бетіне қарай ұмтылады. Төртінші белгі берілсімен «салт аттылар» аттар тұратын орынға жүгіріп барып, өз орындарын иелейді. Орынсыз қалған «салт аттылар» жеңіліске ұшырайды (97-сурет).

Ойын ережесі. 1. Тек алғашқы белгі берілген соң ғана шеңбер бойымен, ал төртінші белгіден кейін ғана аттар тұратын орынға




97-сурет.



қарай жүгіруге болады. 2. Салт атты спортшылар манеж бойлап жылжығанда оқытушының нұсқауларын орындауы шарт.


«Төбеден-төбеге секіру» ойыны. 2–3 командаға бөлінген оқушылар бір қатарға сап тартып, бір-біріне параллель түрде сызықтың алдына тұрады. Сөреден мәреге дейінгі тура бағыт бойынша арасы бір-бірінен 70–80 см келетін 10–12 шеңбер (төбешік) сызылады. Оқытушының белгісімен командалардың бірінші ойыншылары сөреден мәреге дейін төбеден-төбеге секіріп барды да, қолдарын жоғары көтереді. Бұл істі бірінші болып орындаған ойынши өз командасының пайдағына бір ұпай, екіншісі екі ұпай әкеледі. Ойынның соңында ең көп ұпай жинаған команда жеңіп шығады (98-сурет).

«Бос орын» ойыны. Бастаушыдан басқа ойыншылардың барлығы бір-бірінен бір қадамдай



98-сурет.

қашықтықта шенбер жасап тұрады. Бастаушы шенберді айналып жүріп, ойыншылардың біреуін ақырын тұртеді де, ары немесе бері қарай жүгіреді. Қол тиген ойыншы қарама-қарсы тарапқа жүгіріп, тезірек өзінің орнын, яғни босаған орынды иелеуге әрекет жасауы керек. Шенберді бойлай жүгіріп, бос қалған орынды бірінші болып иелеген ойыншы сол жerde тұрып қалады. Жете алмаған ойыншы бастаушы болады. Ойын



99-сурет.

ары қарай жалғаса береді (99-сурет).

Жүгіруді секірумен алмастыруға да болады.


«Мерген аңшы». Оқушылар төрт қатар сап түзейді. Әрбір қатардың қарсысына 6–8 метрдей қашықтықта арыстан, аю, қасқыр, түлкі немесе басқа жабайы аңдардың суреті салынған, яки соған ұқсас суреттер жапсырылған 1×1 метрлік тақта қойылады. Әрбір қатардан бір-бір

8 – Дене тәрбиесі, 2-сынып



оыйншы доп лақтырады. Оыйншы допты үш рет лақтыруы керек. Қайсы қатардағы оыйншылар допты жабайы аңдарға көп тигізсе, сол қатар оыйнда жеңіп шығады (100-сурет).


Оыйнды бастаудан бұрын жабайы аңдар жөнінде және оларды не үшін аулайтынын оқушыларға түсіндіріп берген жақсы. Оыйнды әсерлі етіп, образға кіріп әңгімелуу, сондай-ақ оқушыларды нысананы дәл көздеуге, команда мүшелері арасында ұйымшылдықты сақтауға үйрету керек.



100-сурет.



«Дол ортада» ойыны. Оқушылар бірнеше топтарға бөлініп, шеңбер жасап тұрады. Әрбір шеңберде 8–10 адамнан болады. Шеңбер жасап тұрған оқушылардың бір-бірінен арасы құлаштарын жайғанда тиер-тиместей болады. Оқушылардың аяғы алдынан сызық сызылады. Әрбір шеңберден бастауышы тағайындалып, ол ортада (арнайы сыйылған кішкене шеңбердің ішінде) тұрады (101-сурет).



101-сурет.



Оқытушының белгісінен кейін бастаушы допты кезекпен өз дос-тарына қарай лақтырады, олар допты қағып алады. Бастау-шы шеңбердегі соңғы ойыншы қайтарған допты қағып алғаннан кейін, оны жоғары көтереді. Осы арқылы допты лақтырудың тоқтатылғандығын білдіреді.

Ойын ережесі. 1. Допты лақ-тырған кезде бастаушы өзінің шеңберінен шықпауы, ал шеңберді жағалай тұрған оқушылар оның сызығын баспауы керек. 2. Допты түсіріп алған оқушы оны барып алуға және ойын тәртібі бойынша шеңбердегі досына лақтыруға тиіс.

«Бақшадағы қояндар» ойы-ны. Алаңға диаметрі 3–4 және 6–8 метрге тең екі шеңбер сызыллады. Бастаушы – күзетші кіші шеңберге, ал қалған ойыншылар – қояндар үлкен шеңбердің сыртына орнала-сады.

Белгі берілісімен-ақ қояндар қос аяқтай секіріп бақшадаға түсуге,



ал күзетші үлкен шеңбердің ішінде жүгіріп қояндарды ұстап алуға әрекет жасайды. Күзетшінің қолы тиғен қояндар ұсталған болып саналады да, орындыққа барып отырады. 3–5 қоян ұсталған соң, ең ширақ деген қояндардың ішінен жаңа күзетші белгіленеді. Орындықта отырған, яғни қолға түскен қояндар ойынға тағы қатыса береді. Ойынның соңында бір рет те қолға түспеген қояндар және қояндарды қолға ең көп түсірген күзетшілер жеңімпаздар деп жарияланады.

Ойын ережесі. 1. Күзетші қояндарды бақша ішінде де, үлкен шеңбердің ішінде де ұстасу мүмкін. 2. Қояндар оқытушының нұсқауына қарай жалғыз аяқпен немесе қос аяқтап секіре алады. Бұл ережені бұзған оқушы қолға түскен болып саналады.


«Немірлерді шақыру» ойыны. Оқушылар 3 командаға тең бөлініп, бір-біріне параллель сапқа тұрады.



Командалардың ойыншылары рет бойынша санап, өз нөмірлерін естерінде сақтап қалады.

Ойыншылардың аяқтары алдынан старт сыйығы, одан ары 10–20 метрдей қашықтықта мәре сыйығы сыйылады. Әрбір команданың қарсысына 10–20 метрдей қашықтықта бір-бір баған орнатылады (102-сурет).

Оқытушы қалаған нөмірді шақырады. Шақырылған ойыншы алға жүгіріп шығып, бағандарды айналып өтеді де, дереу артқа қайтады. Мәре сыйығын бірінші



102-сурет.



болып қиған ойыншы өз команда-сына бір ұпай әкеледі. Содан соң оқытушы кезекті нөмірді шақыра-ды т.с.с. Ойыншылардың нөмірле-рін әдейі араластырып шақырган жөн. Мұнда кейбір ойыншылар екі рет шақырылуы мүмкін. Жұгіріп келген ойыншылар өз орнына қайтып барып, сапқа тұрады.

Ойын 5–10 минутқа созылып, ұпайлар саны есептеледі. Көп ұпай жинаған команда ұтып шығады.

Ойын ережесі. 1. Егер екі команданың да ойыншылары мәреге бірдей уақытта жетіп келсе, екеуіне де ұпай берілмейді.

2. Мәреге жұгіріп келмеген оку-шы жеңілген болып саналады.

Сұрақтар

1. Дербес, көпшілікпен немесе топ болып ойналатын ойындардың қайсысы саған көбірек ұнайды?

2. Қайсы ойында жылдамдық жақсы дамиды? Ширақтық ше?

3. Секіруді үйрену үшін қайсы ойын-дарды пайдалануға болады?



Тапсырмалар

1. Жеке ойналатын ойындардың аттарын атап жаз.
2. Көпшілікпен ойналатын ойындардың атын жаз.


ШАХМАТ

Ойынның мақсаты – қарсы жақтың королін арнаулы «мат» жүрісімен жою. Қай ойыншы бірінші болып «мат» жүрісін жарияласа, сол жеңген болып саналады.

Шахмат тақтасындағы фигуralардың жүру тәртібі

Шахмат тақтасында үш бағыт бойынша жүргуге болады:

- а) Алға және артқа қарай вертикаль сзызық бойынша, нақ лифтпен жоғары-төмен қозғалғандай (103-сурет, а).
- ә) Оңға және солға қарай, горизонталь бағыт бойынша (103-сурет, ә).
- б) Көлбеу горизонталь, бұрыштан бұрышқа қарай (103-сурет, б).




103-сурет.

Ойынды бастаудан бұрын он жақтағы ең тәменгі бұрыштағы шаршы ақ түсті, сол жақтағы шаршы қара түсті болуы қадағала-нады.

Әрбір ойынши өзі ойнайтын түстегі, яғни ақ яки қара фигу-раларды орналастырады да, өз жағындағы екі қатар шаршыны толтырады.

Шахмат фигуралары тәмендегі-дей тәртіппен орналастырылуға тиіс (104-сурет).



104-сурет.



Шахмат фигураларының жүрісі төмендегі тәртіп бойынша жүзеге асырылады:




а) Корольдің жүрісі.

Король – басты әрі ең негізгі фигура. Оны ешқандай күшпен теңестіруге болмайды әрі сол тұрысында оған тең келетін фигура жоқ. Бірақ оны ұтып алу, оның басқа фигурамен ауыстыру мүмкін емес.

Екінші жағынан, король өз жүрісімен және шабуыл жасап, қарсы жақтың фигураларын жоюына болады.

Корольді жоюға болмайды, оған тек қана «мат» қойылады.



105-сурет.

Король шахмат тақтасында барлық бағыттар бойынша жүре




алады – алға, артқа, онға, солға, түзу және қиғаш, тек бір шаршығана.


ә) Ферзьдің жүрісі.

Ферзь барлық бағыттар бойынша қалаған ұзындықтағы шаршыға жүре алады. Ферзь де нақ король секілді жүруі және қарсы жақтың фигуralарын ұтып алуы мүмкін. Тек ферзьғана осы бағыттар бойынша қалаған торкөзге жүре алады (106-сурет, а).

Ферзь бос шахмат тақтасында 27 шаршыға жүре алады.



а



ә

106-сурет.



б) Офицердің жүрісі.

Офицер – өзі тұрған шаршының алдында немесе жанындағы қатарда тұрған фигураны «жей» алады. Офицердің корольдан



айырмасы сол, ол бірнеше бос шаршылардан секіріп өтеді және қалаған қашықтығына жүріп, жолай кездескен қарсыласын «жейді» (106-сурет, ә).




в) Пілдің жүрісі.

Піл тек қиғаш (диагональ) бағыт бойынша қалаған қашықтығына жүре алады (107-сурет, а).


Ойын барысында пілдер шаршының түсін өзгерте алмайды.




г) Аттың жүрісі.




а



ә



б



в

107-сурет.




Ат – барлық фигуralар ішіндегі ең жылдамы болып саналады да, кез келген фигураның үстінен секіріп өтіп, «Г» әрпі сияқтандырып жүреді.

Ат екі шаршы алға және онға немесе солға бұрылышп токтайды. Шахмат тақтасының орталығында тұрған аттың 8 жолы бар (107-сурет, ә).

Ат ақ шаршыдан бастап жүрсе, міндепті түрде қара шаршыда тұруға тиіс немесе керісінше. Аттың өзге фигуralардан айырмасы сол, ол барлық фигуralардан секіріп өте алады. Ол қай бағытпен жүрсе, фигуralарды слай «соғады».

f)  Жаяулардың жүрісі.




108-сурет.



Жаяулар тек алға қарай жүреді және сол бағытпен қарсыласын соғады. Олардың жүріс ережелері – вертикаль бағыт бойынша бір шаршы алға, олар ешқашан артқа жүрмейді және «жемейді» (108-сурет).

Әзін-өзі бақылау

Әрбір бала өзін-өзі тиянақты түрде бақылауды үйренуі керек. Бұның үлкен маңызы бар. Бақылау балалар үшін қыын емес, мұны үлкендер қадағалап тұруы қажет. Соны да айтып өткен мақұл, медицина бөлмелерінде қолдың күшін өлшейтін аспап (динамометр, 109-сурет, а), бойдың биіктігін өлшейтін арнайы аспап (ростометр, 109-сурет, ә), көздің көру қабілетін анықтайтын тақта (109-сурет, б), өкпенің ауа сыйымдылығын өлшейтін спирометр (109-сурет, в), дененің салмағын өлшейтін таразы (109-сурет, г) бар.



109-сурет.

Бойының ұзындығын білу үшін бала басын, кеудесін, арқасын қабырғаға тигізіп тұрады. Екінші бала немесе медбике оның басына сыйзыш қойып, бойын қабырғаға қаламмен немесе басқа бір нәрсемен белгілеп, өлшеуіш мөттім мен бойының ұзындығын өлшайді (109-сурет, ә).

«Алпамыс» және «Гүлбаршын» тест нормативтері

«Алпамыс» және «Гүлбаршын» тестері бойынша нормативтерді дайындау және орындау жұмыстары оку жылдарының басында жүзеге асырылады.



Сынақтардың барлық түрінен өткізілетін жаттығулар дene тәрбиесі пәнінің оқу жоспарына енгізіледі.

Жарыстар спорт түрлері бойынша жарыстар өткізу ережелеріне сай өткізіледі.

Жаттығуларға тиянақты түрде қатысып жүрген, кешенді бөлімдерге сай өтілген материалдар бойынша жақсы бағалар алған, сондай-ақ дәрігердің рұқсатын алған балалар тест нормативтерін тапсыруға жіберіледі.

Арнайы медициналық топқа енгізілген оқушылар тест сынақтарын тапсырудан босатылады.

Сынақтың түрлері мен нормативтері

№	Сынақ түрлері	Өлшем бірлігі	Ұлдар		Қыздар	
			есеп	нысана	есеп	нысана
1.	Кедергілі жүгіру 3x10 м	секунд	9,8	9,7	10	9,8
2.	Секіргіш жіппен секіру (1 минут)	рет	50	60	60	70



3.	Шағын допты 1x1 м-лік ны- санага 10 метр- ден лақтыру	5 мүм- кін- дік- тен	3	4	2	3
4.	Бір орында тұ- рып ұзындыққа секіру	См	110	120	95	110
5.	Гимнастикалық қабырғаға өрме- леп шығу, жоға- рыға-төменге)	Секунд	6	4	7	5
6.	Аударылған гимнастикалық орындық үстімен жүру (тепе-тен- дікте)	Метр	4	5	5	6
7.	Жұзу (судағы оыйндар)	Минут	15	17	12	15
8.	Серуенге шығу 1,5–2 км	Бір-біріне жәрдем беру дағдыларын менгеру				
9.	Доп пен қимыл- ды оыйндар	Минут	15		12	
10.	Эстафеталар	Еске- ріл- мейді				

Пайдалы кеңестер

Жалпақтабандылықтың алдын алу, оны болдырмау үшін мынадай машиқтарды тұрақты орындауды ұсынамыз:

9 – Дене тәрбиесі, 2-сынып



110-сурет.


— ойын түрінде жұп-жұп болып, аяқтың табанымен қысып алғынған таяқшаларды бір-бірінен тартып алу;

— жерде жатқан күйде беторамалды немесе басқа да заттарды аяқ башпайларымен (артқа қарай қолға сүйене отырып) жоғарыға көтеру;

— құмды, тастақ жерлерде жалаң аяқ жүру;

— ойын түрінде әр түрлі заттарды (жалаң аяқ жүрген уақытта) солға, оңға қарай аяқ башпайларымен ұстап, көтеру (110-сурет);

— отырып немесе шалқалай жатып, резенке допты аяқпен қысып алып, бас жаққа апару, қайтадан



111-сурет.

бастапқы қалпына өкелу (111-сурет);

— ұзын арқанның немесе рейканың үстімен бір бүйірлеп жүру.

Мектептердің медициналық бөлмелерінде жоғарыда айтылған өлшеуіш аспаптардың барлығы бар. Оларды өнімді пайдалану қажет. Қала көшелерінде де кейбір өлшеуіш аспаптарды көріп қалуларың мүмкін (мысалы, таралы). Бақылау үшін оларды да пайдаланса болады.

Қол күшін анықтайтын динамометр деген аспап бар. Оны пайдалану өте оңай. Динамометрді қолдың алақанына салып бар күшінмен қысасың, сосын оның



цифрларына қарап, сол және он қолыңың күшін анықтайсың.

Өкпенің ауа сыйымдылығын өлшеу үшін өкпені толтыра тыныс алып, резеңке тұтікті үрлейсің. Аспаптың ішіндегі цилиндр оның қанша мл болғандығын көрсетеді.

Денені шынықтыру үшін соңғы уақыттарда спорт «қалашықтары» көнінен пайдаланылып келеді. Оны құру онша қыын емес.

Денені үлкендердің бақылауымен бірте-бірте шынықтыру керек. Таңертеңгі дene шынықтыруды бастаудан алдын бөлмені жақсылап желдетіп алу керек. Дене шынықтыру жаттығуларын мүмкіндік болса таза ауада өткізген жақсы.

Жалаң аяқпен жүргуге әдеттенген мақұл.

Балалар, дene тәрбиесімен және спортпен ұдайы шұғылдансандар, күшті, мықты, палуан боласындар.



МАЗМҰНЫ

Теориялық білім негіздері	5
Таза ауада дene шынықтыру	
жаттығуларымен айналысу.....	5
Спорттың түрлері жөнінде	
қысқаша мәлімет	8
Женіл атлетика.....	10
Спорттық гимнастика.....	13
Футбол	16
Баскетбол	18
Жұзу	22
«Тұран» ұлттық жекесайысы.....	26
Денсаулықты нығайтуға бағытталған	
дene шынықтыру жаттығулары	28
Күн тәртібі және жеке гигиена	32
2-сынып оқушыларының үлгі	
күн тәртібі	35
Дене шынықтыру.....	36
Көңілді минуттар	38
Гимнастика.	42
Саптық жаттығулар	42
Жалпы дамыту жаттығулары	45
Бастапқы қалыптар	45
Гимнастикалық таяқшамен	
орындалатын жаттығулар.....	48



Тік тұру, отыру	49
Жатқан күйде орындалатын жаттығулар	51
Аяқ пен дененің негізгі қымыл-қозғалыстары	52
Сүйеніп секірулер.....	57
Асып өту, еңбектеу және өрмелеп шығу.....	58
Тепе-тендікті сақтау жаттығулары	61
Акробатика	63
Шалқалай жатып «көпірше» жасау	64
Көркем гимнастика.....	67
Женіл атлетика.....	69
Жүрудің түрлері.....	69
Жүгірудің түрлері.....	71
Кросс жүгіру	74
Кедергілі жүгіру	75
Секірудің түрлері.....	76
Шағын доптармен орындалатын жаттығулар	81
Теннис добын лақтыру.....	87
Қымылды ойындар	89
Шахмат	120
Шахмат тақтасындағы фигурапардың жүру тәртібі	120
Өзін-өзі бақылау.....	126
«Алпамыс» және «Гүлбаршын» тест нормативтері.....	127
Пайдалы көңестер	129

O'quv nashri

Karimjon Mahkamjonov, Faxriddin Xo'jayev

JISMONIY TARBIYA

Beshinchи nashri

*Ta'llim qozoq tilida olib boriladigan
umumiy o'rta ta'llim maktabalarining 2-sinf
o'quvchilari uchun o'quv qo'llanma*

Аударған А. Ташмөтөв

Редакторы Г. Нишанова

Көркемдеуші редакторы Х. Құтлуков

Техникалық редакторы Б. Каримов

Кіші редакторы Г. Ералиева

Корректоры Қ. Рахманова

Компьютерде беттеген Г. Құлназарова

Баспа лицензиясы АІ № 158. 14.08.2009.

Басуға 2018 жылы 25 апрелде рұқсат етілді.

Пішімі 60x90^{1,16}. Офсеттік қағаз. Гарнитурасы «Arial».

Кеглі 16,5, 14,5. Офсеттік әдіспен басылды.

Баспа табағы 8,5. Шартты баспа табағы 10,10.

Таралымы 5737. Тапсырыс № 18-209

Өзбекстан Баспасөз жөне ақпарат агенттігінің
«O'zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық
үйінде басылды.

100011. Ташкент, Науай көшесі, 30.

Телефон: (371) 244-87-55, 244-87-20

Факс: (371) 244-37-81, 244-38-10

e-mail: uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz

www.iptd-uzbekistan.uz

Жалға берілген оқулықтың жағдайын бақылау кестесі

№	Окүшының аты-жөні	Оку жылы	Оқулықтың алынған кездегі күйі	Сынып жетекшісінің колы	Оқулықтың қайта тапсырылған кездегі күйі	Сынып жетекшісінің колы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Жалға берілген оқулықты оқу жылының сонында қайта қабылдаپ алу кезінде жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі тәмендегідей бағалау өлшемдері негізінде толтырады:

Жана	Оқулықтың алғаш рет пайдалануға берілген кездегі күйі
Жақсы	Мұқабасы бүтін, оқулықтың негізгі бөлімдері бір-бірінен ажырамаған. Барлық беттері бар, жыртылмаған, өшірілмеген, парактарында бөгде жазу-сызулар жоқ.
Орташа	Мұқабасы мүжілмеген, парактары біраз сыйылып, бұрышта-ры жыртылған. Оқулықтың негізгі бөлімдерінде ажыраған жерлері бар, пайдалануши оларды желімдеп, жөндеген. Жыртылған парактары қайта жapsырылған, кейбір беттері шимайлланған.
Нашар	Мұқаба әбден мүжіліп, жарамсыз күйге түскен. Негізгі бөлім-дері бір-бірінен ажырап кеткен, кейбір бөлімдері жоқ. Нашар жөнделген. Беттері жыртылған, біраз парактары жетіспейді, әбден шимайлланып, боялған. Оқулық пайдалануға мұлдем жарамсыз.